

## Аудан әкімдігінің кейбір қаулыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

### *Күшін жойған*

Ақтөбе облысы Байғанин аудандық әкімшіятының 2009 жылғы 30 сәуірдегі N 86 қаулысы. Ақтөбе облысының Байғанин аудандық әділет басқармасында 2009 жылдың 20 мамырда N 3-4-69 тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Байғанин аудандық әкімдігінің 2010 жылғы 30 наурыздағы № 51 қаулысымен

*Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Байғанин аудандық әкімдігінің 2010.03.30 № 51 қаулысымен.*

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 31-бабына, Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы № 213 «Нормативтік құқықтық актілер туралы» Заңының 28-бабына сәйкес, аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ** ЕТЕДІ:

1. Аудан әкімдігінің кейбір қаулыларына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) Аудан әкімдігінің 2007 жылғы 21 ақпандағы № 37 «Аудан бойынша мүгедектерді жұмысқа орналастыруға квота белгілеу туралы» қаулысында (нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде тіркелген нөмірі 3-4-38, 2007 жылғы 27 наурызда аудандық «Жем-Сағыз» газетінің № 13 санында ресми жарияланған):

преамбуладағы «Жергілікті мемлекеттік басқару туралы» деген сөздер «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» деген сөздермен ауыстырылсын;

2) Аудан әкімдігінің 2009 жылғы 5 қаңтардағы № 1 «Байғанин ауданы бойынша 2009 жылы ақылы қоғамдық жұмыстар жүргізілетін мекемелердің тізбесін бекіту және осы жұмыстарды ұйымдастыру туралы» қаулысында (нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде тіркелген нөмірі 3-4-64, 2009 жылғы 4 ақпанда аудандық «Жем-Сағыз» газетінің № 5-6 санында ресми жарияланған):

преамбуладағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы» деген сөздер «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» деген сөздермен

а у ы с т ы р ы л с ы н .

2. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі:*

*Б.Кемешов*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК